

Ұлыстың Ұлы күні - наурыз мерекесі құтты болсын!



SYR TÚLEGI

student jastar gazeti

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№7 (432) 18 наурыз, 2022 жыл

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ



ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Ұлттың ұлылығы тілі мен ділінің, тарихы мен мәдениетінің, салты мен дәстүрінің өміршеңдігі мен өлшеусіз байлығынан көрінеді. Ғасырлардан бері халықтың дүниетанымы мен ой-өрісінің бір бөлігіне айналып, қазақтың мәдени мұрасы мен салт – дәстүрінің көрінісін паш ететін ұлық мейрам – өз - Наурыз.

Тарихының тамыры тереңде жатқан Наурыз – мейірім мен ізгіліктің, жақсылық пен жаңаның, молшылық пен бақыттың бастауы. Наурыз – жаңару мен тазару айы. Наурыз-елдік пен бірліктің, ырыс пен ынтамақтың мерекесі. Бұл күнгі ерекше құбылыс: күн мен түн теңеседі. XI ғасырда ұлы ақын әрі ғалым Омар Хайям «Мәлік күнтізбесін» жасап, жұлдыздардың белгілі бір бағытта айналып, бір жерге тоқтап, шеңберді қайта айналатынын зерттеп, күн мен түннің теңесуін анықтаған. Осылайша, жұлдыз бен ай көрісіп, күн мерейін төккен күн-қазақтың жаңа жылы болып танылды.

Қаһарлы қыстан аман шығып, көшпелі тұрмыстағы ел бір-бірімен сағына көрісуден басталған көне мерекемізді тойлауға тоталитарлық жүйе 1926 жылы тыйым салыпты. Тек 1988 жылдан бері қарай ұлтшыл ақынымыз М.Шахановтың еңбегімен төл мерекеміз қайта жаңғырды. М.Дулатов айтқан: «Мұсылман жұртына ортақ, жылына екі рет келетін ораза-айтты есепке алмағанда, бізде бір-ақ мейрам бар, ол-Наурыз». Міне, осы ұлттың ұлы мейрамы Наурызға 1991 жылы мемлекеттік мәртебе берілді. Наурыз мейрамы елімізде жыл сайын мемлекеттік көлемде атап өтіліп, жалғасын тауып келеді.

Наурыз десек, мынадай атаулар қоса жүреді: Наурыз күні, Жыл басы, Наурызнама, Самарқанның көк тасы, Наурыз жыр, Наурыз бата, Наурыз той, Наурыз көже, Наурыз есім,

Наурызша, т.б. Бұл атаулардың қай-қайсысы болмасын, наурыз мейрамының ерекшелігін айқындап, ұлтымыздың рухани байлығын танытады. Наурыз-бір дәстүрден соң, бірі жалғасып, той-тойға ұласатын, ұлттық құндылығымызды насихаттап, ұлттық болмысымызға сіңіретін қасиетті мереке. Наурызда тігілетін киіз үй, алтыбақан, қазақтың ұлттық ойындары, ою-өрнектермен көмкерілген алаша, құрақ көрпе, ұлттық қолөнер бұйымдары, тайқазанда істелетін Наурыз дәм, әрбір үйдің дастархан-ында жайылатын ұлттық тағамдар, қуанып жүгірген балалар, ақ кимешекті аналар, тақиялы аталар, қос етеккі, сәукелелі қыздар-наурыздың сәнін одан сайын келтіре түсіп, түлетіп, түрлендіріп тұрады. Ұмытылған Наурыздағы кейбір дәстүрлерді елемегенде, барлық қазақ жұрты әлі күнге дейін Ұлыстың ұлы күнін ұлықтап, бар ынта-шынтасымен тойлайды.

Қандай төл мерекеміз болсын, ұлттық идеямызбен сарындас. Ал, ұлттық идеяны жаңғырту үшін, ұлттық құндылығымызды ұлықтайтын ұлттық мейрамдарды келер ұрпақ өз болмысына сіңіру үшін лайықты дәрежеде тойлаудың мәні де, мағынасы да зор.

Жаз жіберіп, жан берген қара жерге, Рақметіне Алланың көңіл сенер. Мал семірең, ақ пен ас көбейер, Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер. Ұлы Абай ағамыз айтқандай, қара жерге жан енетін, мал төлдеп, ақ көбейетін өз мейрамымызда бүкіл халқымыздың көңілі тоқ, мерейі үстем болсын. Үлкен абыз-ақсалдарымыздан алған Наурыз бата қабыл болсын!

Данагүл ДҮЙСЕНБАЙ,
2-курс студенті



**Құрметті жерлестер!
Қымбатты әріптестер,
білім алушылар!**

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – өз-Наурыз мерекесімен құттықтаймын! Бұл – жер-жаһанды шуаққа, адамзатты мейірімге бөлейтін ерекше күн. Тарихы тереңде жатқан бұл мереке Шығыс халқына, тұтас түркі жұртына ортақ. Халқымыз өз-Наурызды асыға күтіп, сағына қауышып, жаңа жылдың бастауы санап, жаңа күннен тек жақсылық күткен.

Ізгілік пен мейірімге негізделген бұл мерекедегі игі дәстүрлер халықтың бірлігін, ағайынның ынтымағын арттырып келеді. Бірлік пен татулық салтанат құрған мемлекеттің қашанда мерейі үстем болатыны айқын. Тәуелсіздік алған жылдардан бері елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы нығайып, ұлттық дәстүріміз жаңаша серпін алды. Бүгінде шуақты көктеммен бірге келетін жарқын мерекеміз өзгеше сән-салтанатпен республикамыздың әр өңірінде кең көлемде атап өтіледі. Ата-бабамыздан жеткен ұлттық өнеріміз бен әдет-ғұрып заманға сай қайта жаңғырды.

Құрметті қауым! Наурыз мерекесі баршаңызға жаңа жетістіктер мен жеңістер, елімізге татулық пен молшылық әкелсін! Ел іргесі берік, еңсесі биік болып, әр шаңыраққа бақ-береке орнасын!

Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!

**Ізгі ниетпен
Бейбіткүл КӘРІМОВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университетінің
Басқарма Торағасы – Ректоры,
қалалық мәслихат депутаты**

УНИВЕРСИТЕТ ТЕГІН ОҚУ ГРАНТЫН ТАБЫСТАДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен 2021 жылы бірлескен іс-шаралар жоспарын бекіткен. Жоспар аясында жүйелі түрде аймақтық деңгейде түрлі ғылыми конкурстар мен пәндік олимпиадалар ұйымдастырылуда.

2021 жылы Қарағанды қаласында ұйымдастырылған Президенттік олимпиада жүлдегерлеріне университет 10 тегін оқу грантын ұсынды.

Республикалық ғылыми жобалар конкурсының

жеңімпаздарын марапаттау шарасына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Жандос Базартай қатысып, комиссия шешімімен Жамбыл, Шымкент, Түркістан, Қарағанды және Қызылорда аймақтарынан келген үздік оқушыларға университет грантын табыстады.

Алдағы уақытта оқу орны тарапынан осындай республикалық олимпиадалар мен ғылыми конкурс жеңімпаздарына 30 грант бөлу жоспарда бар. Бұл қадамдардың негізгі мақсаты университеттің

стратегиялық жоспарына сәйкес дарынды жас тарты оқу орнымызға тарту болып саналады.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИНДЕ УНИВЕРСИТЕТ КОМАНДАСЫ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Қызылордада Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, профессор Н.И.Шиндинді еске алуға арналған республикалық волейбол турнирінің жеңімпаздары анықталды. Шара Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешенінде өтті. Турнир жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Бейбіткүл Кәрімова қатысты.

– Жастардың білімді, тәрбиелі, жігерлі болумен қатар салауатты өмір салтын ұстануы, спортпен тұрақты түрде шұғылдануы аса маңызды. Қазіргі уақытта университет білім алушылары



халықаралық, республикалық спорт додаларында бақ сынап, ел абыройын асқақтатып жүр. Университетте әлем чемпионатының – 9, Азия чемпионатының – 27, Қазақстан чемпионатының 120 жеңімпазы мен жүлдегері бар. Бүгінде оқу ордасында спорттың 11 түрінен 21 спорт секциясы жұмыс жасайды, – деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

Республикалық жарысқа әр облыстан келген 6 команда қатысты. Турнир қорытындысы бойынша «Байқоңыр» командасы жүлделі ІІІ орын, түркістандық «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» командасы ІІ орын иеленсе, «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» командасы жеңіс тұғырынан көрінді.

УНИВЕРСИТЕТ ҒАЛЫМДАРЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІН ЖАСАДЫ

«Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың ғылыми қызметкері Рахметулла Жаппарбергенов ауылшаруашылық қалдықтарын органикалық биотыңайтқыш ретінде пайдаланудың оңтайлы әдісін жасады.



Қызылорда облысында жылына 500 мың тоннадан астам күріш жиналады. Дақыл өңделгеннен кейін шамамен 100 мың тонна күріш қауызы

қалады. Осыдан бірнеше жыл бұрын күріш қауызын қала сыртындағы полигонда өртейтін. Бұл облыс тұрғындарының денсаулығына, қоршаған ортаның химиялық ластануына әкеп соғады. Сол себепті кейінгі уақытта күріш қауызын өртеуге тыйым салынды.

– Күріш қауызы мен сабаны өте баяу шірітін болғандықтан, оны утилизациялау да қиынға соғады. Қазіргі кезде бұл қалдықтарды майдалап, шаруалар мал азығына араластырып пайдаланып жүр. Бірақ күріш қауызында ешқандай қоректік заттар жоқ. Осы қалдықтарды оңтайлы пайдалану мақсатында әлі де зерттеу жұмыстарын жүргізудемін. Зерттеу жұмысының мақсаты аталған қалдықтарды тез шіріту арқылы органикалық жер өңдеу үшін тиімді биотыңайтқыш алу. Оларды тез шіріту мақсатында кеуектерінде микроағзалардың жылдам дамуы үшін биокөмір және күйіс қайыратын малдардан алынған целлюлозолитті микроағзалар қолданылады. Біз аталған қалдықтарды 3 айда

шірітіп, тиімділігі жоғары жаңа «Терра Прета» биотыңайтқышын алдық. Өткен жылы бұл жоба бойынша Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Басқарма Төрағасы – Ректорының жас ғалымдарға арналған гранттық



қаржыландыру конкурсына қатысып, грант иегері атандым, – деді Рахметулла Өмірбекұлы.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Қазақстандық жетекші ғалым және педагог, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор Узан Исаковтың 80 жылдығын тойлау аясында «Экономиканы қаржыландыру: тәуекелдер, мүмкіндіктер және сыни параметрлер» тақырыбында конференция өтті.

Конференцияға ҚР Ұлттық Банкі, «Бірыңғай Ұлттық Зейнетақы Қоры» АҚ, екінші деңгейлі банктердің сарапшылары, цифрлық өнімдер мен сервистер жасайтын BTS Digital компаниясының қызметкерлері, сондай-ақ шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының белгілі профессорлары қатысты.

– Профессор Узан Исаков біздің университетімізде жылдар бойы мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы қызметін атқарды. Оның функциясына білім алушылардың білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелеріне қол жеткізуін бағалау, бітірушіге тиісті білім беру бағдарламасы бойынша мамандандыру, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу кірді. Бүгінгі конференция барысында қаржы

нарығының түрлі сегменттері мамандарының баяндамалары тыңдалды, әсіресе реттеуші органдар қызметкерлерінің пікірлерін атап өткім келеді, – деді «Қаржы, есеп және аудит» кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының кандидаты Бақытжамал Айдосова.

ҚР ҰБ төлем және қаржы технологияларын дамыту орталығы жобалық кеңсесінің директоры Ш. Байкулаков Ұлттық Банктің Big Data Analytics технологияларын қолдану саласындағы жұмысы туралы баяндама жасады. Баяндамада ол Econ Tech-тің салалар, өңірлер бөлінісінде төлем жүйесінің деректерін талдау, жалпы қосылған күн құрылымы (ЖҚК) бойынша төлемдер көлемін салмақтау және т.б. бағыттар бойынша елдің экономикалық белсенділігін қадағалау саласындағы мақсаттары мен міндеттерін ашты.

Осылайша, профессор Узан Исаковтың 80 жылдығына арналған конференция экономикалық дамудың стратегиялық мәселелерін талқылау, талдау және олардың шешімдерін іздеудің сындарлы және кәсіби алаңына айналды.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің зерттеуші ғалымдары мен «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ компаниясының кәсіби мамандары ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды талқылау мақсатында кездесу өткізді.

Кездесу барысында университеттің ғалымдары Аңғысын Сейтмұратов, Нұржамал Ермұханова, Бақытбек Абжалелов, Нұрбол Аппазов, Нұржан Сүлейменовтің жобалары талқыланды.

– Компанияның сала мамандары өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған тақырыптар бойынша қызығушылық танытып, ғылыми зерттеу жұмыстарына үлес қосатынын белгіледі. Сондай-ақ, екі мекеме арасында жасалатын жобалардың да маңыздылығын атап өтті, – деді коммерцияландыру офисінің басшысы Жаннат Сапарқызы.

Айта кету керек, алдағы уақытта Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ арасындағы келісімшартқа сәйкес «Мұнаймен ластанған топырақты биопрепараттармен қалпына келтіру» жобасы бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізілмек.

САҚТАРДАН ҚАЛҒАН САРҚЫТ...

Қазақ әйелдерінің бас киімдері жасы мен отбасындағы жағдайына байланысты бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Олар: бергек, бөрік, жаулық, желек, жырға, кимешек, күндік, орамал, сәукеле, тақия, шәлі, бүркеніш, шылауыш және т.б. Бұл бас киімдердің өзіндік ерекшеліктері бар. Солардың ішінде тарихы тереңде жатқан, аса маңыздысы сәукеле деп айтсам, қателеспеген болар едім.

Сәукеле – ұзатылған қызға арнайы дайындалатын, аса бағалы, биік төбелі салтанатты бас киім. Сәукеле пішіні жағынан сақ заманындағы биік, әрі сүйір төбелі салтанаттық, ғұрыптық бас киімге ұқсайды. Сәукеле кереге, мильк, төбе, тәж, құлақбау, және артқыбау тәрізді бөліктерден тұрады. Сәукеленің алтынмен аптап, күміспен қаптап, аса бағалы болғандығын М.Ж.Көпеев «XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген кіші жүздің Байсақал атты байының қызының сәукелесін құдасы Кенесары ханның ағасы Саржан төре 500 байталға бағалаған екен» деген дерегінен байқаймыз.

Сақтардан қалған сарқыт дейтін тұсы да осы жерде. Біздің заманымыздан бұрынғы 7-5 ғғ. Ұлы даламызды мекендеген сақ бабаларымыздың қалдырған мұраларына қарап сол заманда қоғамдағы әйел адамның орны ерекше болғанын байқаймыз. Сақтар кісінің қайтыс болғаннан кейін жерлеу ғұрпына, жерлеу құрылысына мән берген. Еліміздің түпкір-тіпкірінен табылып жатқан «Алтын адам» аталып кеткен алтын жапсырмалар тігілген киіммен жерленген жәдігерлеріміз халқымыздың салт-дәстүрінің бай екенін, тарихы терең екенін көрсетіп отыр.



Жайықтың жағасынан табылған «Тақсайлық сұлу» сақтардың үрдісін жалғаған сарматтардың біздің заманымыздың 2-4 ғасырларындағы қыздардың киім үлгісін беріп отыр. Оюмен өрнектелген көйлегі, мыңдаған аңдық стилді алтын жапсырмалар тігілген қамзолы, алтын алқасы мен білезігі, алтын сырғалары, алтын сабы бар күміс айнасы, күймеге мінген жауынгерлер бейнеленген тарағы, түйе пошымдас қола қазаны, алтынмен қапталған кеселері, қыштан жасалған ыдыстары, сүйек сабы бар пышағы және ұшында алтын тау ешкі басы бары сәукелесі сол заманның бай қыз жасауын аңғартады. Осындай сәукелесімен жерленген сақ әйелдерінің обалары еліміздің шығыс мен солтүстігі аймағынан, Алтай өлкесінен көптеп табылып отыр.

Халқымыз Ислам дінін қабылдағаннан кейін тармыры терең салтымызды ұмытқан жоқ. Шарифат тыйым салған салтымыздың кейбір тұстарын қайта исламға бейімдеп, жаңғырта білген.

Сақтар салтанатты жағдайда киген (мүмкін ұзатылған кезде) сәукелесімен қайтыс болғанда жерлеген болса, қазақ қызы сәукелемен ұзатылды. Қазақта «қыз жат жұрттық», «қыз мұраты кету» деген сияқты мақалдар бар. Сәукелемен ұзатылуы өз жұртыңа енді жоқсың (өлгенмен тең), басқа елге келін болып, қайта «туыласың дегені болу керек. Сәукеленің бетін жауып, беташар жасап, елді таныстыру дәстүрі сақтардың салтын жаңғырту емес па?!

Ұзатылып келе жатқан келіншек (елдің келешегі деген де баламасы бар) ауылға жақындағанда әйелдер алдынан шығып, шашу шашып қарсы алады. Басына орамал салып, алдына шымылдық құрып, ауылға алып кіреді. Жаңа түскен келін шамамен бір жылға дейін, кейде оданда ұзағырақ, бала болғанға дейін салтанатты күндері киген, басқа уақыттарда желек жамылып жүрген. Желекке ауыстырғанда сәукелені сандыққа сақтап қойған.

Этнографиялық деректер бойынша, ұзатылған қызға жасатқан сәукеле мұрагерлікке өтіп отырған. Қайтыс болған келіннің артынан ұл қалса жасаудан естеңе қайтарылмаған, ал қыз қалса жасаудың жартысы қайтарылған. Ел ішіндегі көнекөз ақсақалдардың айтуынша, жасау даулау қазақта болмаған, алайда дүниеден өткен қыздарының белгісі ретінде сәукелені төркініне қайтару әдеті болған.

Кейбір ауызша деректер бойынша ертеректе ұзатылып келе жатқан қыз кенеттен қайтыс болса, шарифатқа қайшы болғанымен жерленген дейді. Алыстан көрінетін бас киімді келінше аман-есен «сау келе» жатыр деп елге сүйінші жіберген. Міне, бұл қасиетті халқымыздың қыздарға, келіншекке және аналарға көрсететін үлкен сыйының негізінде қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы.

Өзіміздің Жалағаш ауданының Қызылқұм жағында сақтардың Ұйғарақ қорымында сол заманның 80 обасы үш топқа: шығыс, орталық және батыс болып шоғырланған. Жерлеу құрылыстарының осындай әр түрлі болуы, шамасы, отбасылық қатынастар жүйесін ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік құрылымды, рулық қауымның эволюциясын да көрсетсе керек. Бұл, әсіресе, Ұйғарақ қорымындағы әр түрлі обалар топтарының үлгісінде ерекше айқын байқалады. Абыз әйелдер көп жерленген шығыс топтың молаларында кейінгі қола дәуірінен келе жатқан ғұрып-дәстүрлер айқынырақ байқалады.

Дана халқымыз қоғамдағы әйелдің орнын айрықша бағалап, құрметін аямаған.

Әзілхан ТӘЖЕКЕЕВ,
«Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі,
тарих ғылымдарының кандидаты



ЖАҢАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ – ХАБАРШЫ ЖУРНАЛЫ

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы университет ғалымдары мен отандық, шетелдік ғалымдардың ғылыми жұмыстарын, ғылыми конференция материалдарын, ғылыми-әдістемелік мақалаларды, жастардың ғылыми шығармашылығы туралы ақпараттарды қамтиды.

Хабаршы журналы университетіміздің және қазақстандық ЖОО-мен қоса, алыс-жақын шетелдердің ғалымдары жазған ғылыми жұмыстарын жарыққа шығарып, білім мен ғылымның, техника мен технологияның озық тәжірибесі бойынша жаршы қызметін атқарып отыр.

Айта кету керек, журналдың «Ауыл шаруашылығы ғылымдары» ғылыми сериясы 2022 жылдың 21 ақпандағы №63 бұйрығы бойынша Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін

жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енді.

Журналдың жауапты хатшысы Набат Әбуова журналдың бұл жеткен жетістігі – университет ғалымдары мен қазақстандық, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың ғылыми жұмыстарының нәтижесін жариялауда, магистранттар мен докторанттардың ғылыми жұмысын жүргізуде көп көмегін береді дейді.

«Журнал Мемлекеттік Ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығымен 2021-2023 жылдарға Қазақстандық дәйексөз базасына енгізу бойынша келісім-шартқа отырған болатын. Сонымен қатар, Халықаралық Crossref тіркеу агенттігімен келісімге отырып, журналға DOI индексі алынған болатын. Бұл Комитет ұсынған ғылыми басылымдар қатарына ену

үшін қойылып отырған негізгі талаптардың бірі еді. DOI индексінің ғалымдар үшін мүмкіндігі зор, мысалы WoS немесе Scopus халықаралық деректер базасында орналасқан кез-келген бір мақалаға біздің мақаладан жасалған сілтеме арқылы мақала халықаралық деректер базасына түседі және халықаралық дәйексөз индексіне иемденеді. Журналдың 10 ғылыми бағыты бар. Алдағы уақытта басқа да ғылыми бағыттардың осы тізімге енуі үшін университет ғалымдарымен бірігіп, жұмыс жасаймыз».

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы – ғылымға енді ғана қадам басқан жас ғалымдар мен ғылым жолында өз қолтаңбасын қалдырған ғалымдар арасындағы алтын көпір іспеттес.

Аида БАТУХАН

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

№ р/с	Іс-шара атауы	Уақыты
1. ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ		
1.	85 жылдық мерейтойына дайындық жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында ұйымдастыру комитетін құру	Қаңтар, 2022 ж.
2.	«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті: дамудың жаңа кезеңінде» және «Қалдырған ізін мәңгілік...» кітаптарын шығару мақсатында жұмыс тобын құру	Қаңтар, 2022 ж.
3.	«Университет ақпарат айдынында» және «Біздің түлектер» кітаптарының электронды нұсқаларын дайындау үшін жұмыс тобын құру	Ақпан, 2022 ж.
4.	85 жылдық мерейтойы аясында университет гимні мен логотипіне конкурс жариялау	Ақпан, 2022 ж.
5.	Университет символикасы бар мерейтойлық және жарнамалық өнімдерін дайындау (буклеттер, белгішілер, кружалар, жалаушалар, плакаттар, блокноттар, күнтізбелер, арнайы пошталық маркалар, күнделіктер, медальдар, төсбелгілер, футболжалар, қаламдар, сөмкелер, папкалар, ашық хаттар және т. б.)	Наурыз, 2022 ж.
6.	Университеттің 85 жылдығына орай жазғы ұжымдық семинар ұйымдастыру	Шілде, 2022 ж.
7.	Мерейтойға шақырылатын қонақтар тізімін және шақыру хаттарын дайындау	Қыркүйек, 2022 ж.
8.	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдығына арналған салтанатты жиын ұйымдастыру	Қазан, 2022 ж.
2. УНИВЕРСИТЕТ ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС		
1.	Университеттің тарихы бойынша фото, видео архивтерін жинақтау	Наурыз, 2022 ж.
2.	Елбасы және Тәуелсіздік Қазақстан оқу көрме залы, Археология және этнография ғылыми орталығының көрме залы, Университеттің тарихи және Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының филиалының тарихи мұражайлары бойынша жанарту жұмыстарын ұйымдастыру	Наурыз, 2022 ж.
3.	Институттарда институт тарихына арналған және білім алушылардың үздік жұмыстарының көрмелерін ұйымдастыру	Қыркүйек, 2022 ж.
4.	Университеттің оқу ғимараттарында 85 жылдық мерейтой аясында кітап көрмелерін ұйымдастыру	Жыл бойы
3. ҒЫЛЫМИ БАҒЫТТАҒЫ ІС-ШАРАЛАР		
1.	85 жылдық мерейтой аясында халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар өткізу	Жыл бойы
2.	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдығына орай дәстүрлі XXIV студенттік ғылыми конференция өткізу	Сәуір, 2022 ж.
3.	Университеттің 85 жылдығы аясында III Халықаралық Тайманов оқуларын өткізу	Қазан, 2022 ж.
4. БАСПА ҚЫЗМЕТІ		
1.	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті туралы ақпараттық буклетті дайындау және басып шығару	Қыркүйек, 2022 ж.
2.	«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті: дамудың жаңа кезеңінде» және «Қалдырған ізін мәңгілік...» кітаптарын шығару	Қыркүйек, 2022 ж.
5. АРДАГЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС		
1.	Жоспар бойынша атаулы күндерге арналған университет ардагерлерімен іс-шаралар ұйымдастыру	Жыл бойы
2.	Институтта ұзақ жылдар қызмет еткен ардагер оқытушы-профессорларға арналған кездесулер және еске алу кештерін өткізу	Жыл бойы
3.	Мерейтойға шақырылатын ардагерлер тізімін және шақыру хаттарын дайындау	Қыркүйек, 2022 ж.
6. ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС		
1.	Жас оқытушылар арасында «Педагогикалық дебют» тақырыбында байқау ұйымдастыру	Сәуір, 2022 ж.
2.	Профессор - оқытушылар құрамы арасында «Үздік оқу-әдістемелік басылым» және «Үздік электронды оқу-әдістемелік басылым» байқауларын ұйымдастыру	Мамыр, 2022 ж.
3.	Профессор - оқытушылар құрамы мен қызметкерлер арасындағы «Жыл оқытушысы», «Жыл доценті», «Жыл профессоры», «Жылдың үздік қызметкері» және «Үздік кафедра» байқауларын ұйымдастыру	Мамыр, 2022 ж.
4.	85 жылдық мерейтой аясында мемлекеттік наградалар мен ведомстволық және салалық марапаттарға оқытушы-профессорлар мен қызметкерлердің тізімдерін дайындау және ұсыну	Қыркүйек, 2022 ж.
7. ТҮЛЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС		
1.	Эндаумент қорының қызметін ұйымдастыру және оның жұмыс жоспарын бекіту	Қаңтар, 2022 ж.
2.	Институттардың үздік түлектерінің галереясын құру	Қыркүйек, 2022 ж.
3.	«Біздің түлектер» кітабының электронды нұсқаларын шығару	Қыркүйек, 2022 ж.
4.	Институттарда әртүрлі тақырыптар бойынша түлектермен кездесулер өткізу	Жыл бойы
5.	85 жылдық мерейтойға орай Халықаралық Түлектер форумын өткізу	Қазан, 2022 ж.
8. БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС		
1.	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойы аясында «Бағаналы – білім ордасы» атты республикалық ақындар айтысын ұйымдастыру	Сәуір, 2022 ж.
2.	Қорқыт Ата университетінің 85 жылдық мерейтойы аясында «Қасиет қонған Қорқыт» атты республикалық жазба ақындар мұшайрасын өткізу	Сәуір, 2022 ж.
3.	Университеттің 85 жылдық мерейтойы аясында барлық оқу топтарында ашық сабақтар өткізу	Сәуір, 2022 ж.
4.	Университеттің 85 жылдық мерейтойы аясында «Өнерлі жастар ордасы» атты республикалық жайдарман ойынын ұйымдастыру	Маусым, 2022 ж.
5.	Университет тарихы бойынша барлық оқу топтарында дәріс өткізу	Қыркүйек, 2022 ж.
6.	«Менің университетіме 85 жыл» фотоколлаждар байқауын ұйымдастыру	Қыркүйек, 2022 ж.
7.	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойы аясында әртүрлі форматта облыстық, республикалық студенттер мен оқушылар арасында шығармашылық байқаулар, білім сайыстары, спорттық жарыстар ұйымдастыру	Жыл бойы
9. МЕДИА БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫС		
1.	Мерейтойлық іс-шаралар және оларды дайындау барысы туралы ақпаратты университет сайтына орналастыру	Жыл бойы
2.	85 жылдыққа арналған медиа жоспар бекіту	Ақпан, 2022 ж.
3.	Университет туралы деректі фильм және жастар киносын түсіру	Маусым, 2022 ж.
4.	«Университет ақпарат айдынында» кітабының электронды нұсқаларын шығару	Қыркүйек, 2022 ж.
5.	«Сыр түлегі» газетінің 85 жылдық мерейтойлық басылымын шығару	Қыркүйек, 2022 ж.
10. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ДАМУ БІЛІМ БОЙЫНША ЖҰМЫС		
1.	Университетте ынтымақтастық туралы келісім-шарттары бар шетелдік жоғары оқу орындары мен ұйымдардан өкіл ретінде 85 жылдық мерейтойға қатысу үшін қонақтар тізімін жасақтау және шақыру жұмыстарын ұйымдастыру	Маусым, 2022 ж.
2.	85 жылдық мерейтой аясында университеттен тәжірибе алмасу мақсатында арнайы делегацияның шетелге іссапарға шығуын ұйымдастыру	Маусым, 2022 ж.
3.	«Болашақ» бағдарламасымен тәжірибе алмасуға шетелге кеткен оқытушы-профессорлардың университеттің 85 жылдығына арналған видеоқұттықтауларын әзірлеу	Қыркүйек, 2022 ж.
4.	Қиыр Шығыс Корей педагогикалық институтының негізінде құрылған Қызылорда педагогикалық институты бойынша арнайы іс-сапарлар ұйымдастырып, зерттеулер жүргізу	Жыл бойы
11. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ		
1.	Университеттің 85 жылдығына арналған іс-шараларды қаржыландыру бойынша шығыстар сметасын қалыптастыру және бекіту	Ақпан, 2022 ж.
2.	Университет ғимараттарын мерейтойлық іс-шараларға дайындау	Тамыз, 2022 ж.

ТЕОЛОГПЕН ӨТКЕН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің журналистика мамандығының 2-курс студенттері «Діни – тәрбие мен танымның рухани тірегі» тақырыбында кездесу өткізді. Кездесу қонағы – Қызылорда облыстық дін мәселелерін зерттеу орталығының теолог маманы, республикалық ақпараттық түсіндірме тобының мүшесі Бақтияр Оспанов.

Жастарды имандылыққа, діни сауаттылыққа баули отырып, халық дәстүрін жүрегіне ұялатып, санасына құю – білім берудегі басты міндеттердің бірі. Кездесу барысында теолог қазіргі діни ахуалға шолу жасап, жастарға арналған діни бағыттағы эксперименттік тәжірибелер жүргізді. Студенттер ойында жүрген көкейтесті сауалдарын қойып, кездесу қонағымен еркін пікір алмасты.

Шара соңында діни бағыттағы үгіт-насихаттық жұмыстары кезінде ақпаратты талдау ерекшеліктеріне мән беру баса айтылды.



АСУЛАРДАН АСАМЫЗ БІЗДЕР ӘЛІ

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының 1-курс студенттері «Асулардан асамыз біздер әлі» тақырыбында әдеби кеш ұйымдастырды.

Әдеби кешті филология ғылымдарының кандидаты, доцент Рахия Есназарова мен кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Әсия Алмауытова ашып берді.

Шара барысында белгілі ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері оқылып, ақынның сөзіне жазылған «Есіңе мені алғайсың», «Көздеріңе ғашықпын» сынды әндер айтылды. Сондай-ақ, студенттердің шығармашылығындағы арнау өлеңдерге кезек беріліп, әдеби кеш ерекше мәнісімен есте қалды.

Шара филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Кял-21-3 тобының кураторы Гүлзира Оралованың ізгі тілегімен қорытындыланды.

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ КЕЗДЕСУ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Кенесары ханның 220 жылдығына арналған «Қазақ Елінің соңғы ханы – Кенесары» атты кездесу өтті. Шараға оқытушы-профессорлар, білім алушылар және Кенесары ханның ұрпақтары қатысты.

«Отыз жылдан аса уақыт болды Сыр елінің батырлары мен билері туралы зерттеп келемін.



Осы уақытқа дейін зерттеу нәтижелері бойынша 9 кітап жарық көрді. Бүгінгі ұйымдастырылған шараның да басты мақсаты батырларымыздың ерлігін насихаттау», - деді тарих ғылымдарының магистрі Бахытжан Ахметбек.

Кездесуде Кенесары ханның шөберелері Баян Мұхамедиярова мен Халифа Мұхамедиярова сөз сөйлеп, тарихты білу кейінгі ұрпақ үшін маңызды екенін айтты. Сонымен қатар, ғалымдар өз зерттеулері бойынша баяндама жасаса, білім алушылар өз ойларын ортаға салып, тақырыпты кеңінен талқылады.

ДӘРІСХАНАЛАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗАСЫ ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕ ЖАБДЫҚТАЛДЫ



Шетел тілдері және аударма кафедрасына қарасты 112 мультимедиялық лингафон кабинетінде жөндеу жұмыстары жүргізілді. Дәрісхана интерактивті панель, студенттерге арналған ноутбуктер мен микрофоны бар құлаққаптар сияқты заманауи озық технологиялармен жабдықталды.

«Жаңа дәрісханада оқытушылар үшін заман талабына сай білім беруге қолайлы. Шетелдік озық университеттердің кабинеттерінен кем емес. Айта кететіні, дәрісханалардың жаңаруы талапкерлердің біздің оқу орнында білім алуға деген қызығушылығын арттырады деп ойлаймын. Шетел тілдері және аударма кафедрасының ұжымы университет басшылығына жұмыс

істеуге қолайлы жағдай жасағаны үшін алғыс білдіреміз», - дейді кафедра меңгерушісі Айжан Мақашева.

Сондай-ақ, заманға сай құрал-жабдықтар арқылы білім алу студенттердің білім алуға құштарлығын ашады дейді білім алушылар.

«Қазіргі таңда оқу орнында жаңа лингафон кабинеттер саны артып келеді. Ноутбук пен құлаққап әр білім алушының тыңдалым жұмысына, ауызша аударма тапсырмалар орындауына ыңғайлы. Осындай жаңа технологиялармен жабдықталған кабинеттер студенттердің білімін кеңейтіп, жаңа идеяларға жол ашады деп сенемін».

БІЛІМ АЛУШЫЛАР ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТТІ

Білім алушылардың теориялық алған білімдерін тәжірибе жүзінде сынау мақсатында «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 4-курс студенттері дипломалды (өндірістік) практикадан өтті.

Тәжірибе жинақтау барысында білім алушылар әртүрлі мекемелерде кәсіби дағдыларын қалыптасыра отырып, дипломдық жұмысқа қажетті ақпараттарды жинақтады.

Практикалық тәжірибе «Болашақ» колледжі,

Серғали Толыбеков атындағы №3 ІТ-мектеп-лицейі, Сәкен Сейфуллин атындағы №4 ақпараттық технология мектеп-лицейі және Тұрар Рысқұлов атындағы №222 орта мектепте жүргізілді.

«Өндірістік практика – жастардың диплом жұмысының эксперименттік бөлімін жазу барысында әртүрлі диагностикалық әдістемелерді меңгеріп, тұлғаның психологиялық портретін жазуға мүмкіндік берді. Білім алушы-

лар өндірістік тәжірибеден өту барысында психологиялық тренингтер ұйымдастырып, коррекциялық дамытушылық жұмыстар жүргізген. Сондай-ақ, болашақ маман ретінде теориялық білімдерін тәжірибеде ұштастырды. Атқарылған жұмыстар есебін тыңдаған соң, кафедра оқытушылары білім алушылардың практикалық жұмысына байланысты оң баға берді», - деді практика жетекшісі, аға оқытушы, п.ғ.м. Шолпан Иманғалиева.

МӘДЕНИ ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ – МЕРЕКЕГЕ ЖАҢА ТЫНЫС БЕРЕДІ

Мемлекеттік мерекеге айналған Наурыз жалпыхалықтық мерекеден гөрі, этнографиялық еске алу күніне айналып барады. Соңғы жылдары бұл туралы аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ. Сондықтан, таптаурын болған ресми сценарилерден құтылып, Наурызды ұлтына қарамастан, барлық жұртшылықты тартатындай шараларға жол беруге болар еді. Барлық елдерде Жаңа жыл мерекесі аңсаулы да аяулы салтанат болып табылады. Қай мемлекет те одан қолдауын аямайды. Мысалы, Вена филармониялық оркестрі жыл сайын Музикферайн ғимаратының Алтын залында өзінің Жаңа жылдық концертін береді. Саңлақ музыканттардан тұратын оркестрдің музыкалық бағдарламасы аясында ерте заманнан бүгінге

дейін жазылған вена музыкасы ойналып, оған жыл сайын жаңа дирижер жетекшілік жасайды. Концертке билет ұтыс ойнату жолымен таратылады. Қалған көрермен ашық аспан астында Ратуша алаңында және Вена мемлекеттік операсы ғимаратының алдындағы алаңда тікелей трансляция бойынша тамашалайды. Әлемге әйгілі концерттің теледидар арқылы 90-нан астам елге көрсетілетінін де айтуымыз керек.

Наурыз мерекесін қарабайырлықтан арашалап, ұлттық намыс пен рухани болмысымызды жаңғырту және жаңа тыныс берудің бір жолы - жоғарыда аталғандай, мәдени шаралар ұйымдастыру. Жыл сайын 22-наурызда бүкіл әлемге қазақ халқының музыкалық өнерін

танытқан, репертуарлық қорында 4 мыңнан аса туындылар бар Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық ұлттық аспаптар оркестрінің концертін өткізу дәстүрін енгізуді сондай шаралардың бірі дер едік.

Бір-біріне ұласқан осындай іс-шаралар Наурызды өзіміз түгілі өзге елдер қызығатын аяулы азаматтық мерекеге, рухани құндылық пен танымның жарқын көрінісіне, жұрттың бәрі бірдей қабылдайтындай жарқын өмірдің үлгісіне айналдыратыны сөзсіз.

Қали ОМАРОВ,
ғылым департаментінің басшысы

ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ, ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРЫП ЖҮРМІЗ?

Қазіргі кезде жастар тәрбиесінде назар аударарлық бірқатар келеңсіздіктерді, олқылықтарды байқауға болады. Бұған бейтарап қарауға болмайды. Біз жастар тәрбиесінде ұлттық құндылықтардан гөрі, уақытымыздың көбісін күнкөріс, ақша табу бағытына бұрып жібергендейміз.

Қазір жастарды «тик-ток», «инстаграмм», т.б. әлеуметтік желілердің келеңсіз бағыттары тәрбиелеп жатыр. Санасын, ой-түйсігін, ойлау қабілеттерін деградацияға ұшыратуда.

Кез – келген мемлекеттің қозғаушы күші, қоғамның драйвері – жастар. Бірақ біздің сенім артқан жастарымыз әлеуметтік желілерге тәуелді. Яғни, қазіргі жастар көп тәрбиені интернет пен теледидардан алады. Досты да содан табады. Басқа елге еліктеушіліктері басым болуда. Басым болғаны соншалық, ар – намысты ұмытып, құлақтарына сырға да тағып, көздерін бояды. Түнгі клубтарды аралап, болашақтарына балта шабу. Үлкенге ізет көрсетіп, кішіге құрмет білдіруден қалып барамыз. Қазіргі жас ата – аналар бала тәрбиесін балабақша мен мектепке артып қойып, өздері сүттен – ақ, судан тазаның күйін кешуде. Бұл жерде ата – ана балаға дұрыс бағыт – бағдар беріп балаға мәдени құндылықтарды үйреткені абзал.

Кезінде Хакім Абай айтқан: «Адам адамнан ғылым, мінез, ақыл, ар – ожданы

арқылы ерекшеленеді», - деп. Оқуға, ізденуге, еңбектенуге ықыласы төмен, енжар жастар ұлттық құндылықтардан кенже қалып қояды. Мінезі шәлкес, кертартпа, еріншек, жалқау, өзін үнемі жетілдіріп отырмайтын жастар өсе келе өмірден өз орнын табуда көп қателіктерге жол береді. Сондықтан жастар орда бұзар отызға дейін өмірден өз орнын адаспай, шатаспай тауып жатса дұрыс. Тәрбиелік ұстанымға лайық орта, ақылы, мінезі үлгі боларлық шынайы достармен өзара игілік, ізгілікке толы қатынастар да біздің ұлттық болмыс, рухымызды дамытып, қалыптастыруға көп септігін тигізеді. Ол үшін дуалы ауызды, ақылы мен нақылы, өмірі мен өнегесі, өмірде тоқығаны мол, көргені, естігені көп ата-әжелерді, ұстаздарды тыңдап жүрсек артық болмас. Әрі ұрпақ сабақтастығындағы ұстанымдары жалғасын табар еді.

Ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын, ұлттың бет-бедері болатын көк жәшігіміз көңілден шықпай тұр. Үнді мен кәрістің, түріктің хикаяларын көрсетуден жалықпайтын арналарда талғам аз. Бір-бірінен көшіріп басу. Ұлттық мәдениетті, тарихты, өнерді дәріптемейтін арналар кімге опа? Шоу, арзан күлкі, орынсыз оспақты арқау еткен жобаларды азайтатын көркемдік кеңес, арнайы Заң керек. Қазақтың ұлттығы, ұлылығы - қазақ экранында сезіліп тұрғаны абзал.

Мұхтар Әуезов: «Ел боламын десең бесіңді түзе», - деп бекерге айтпаған. Тәрбие тал бесіктен басталуы тиіс. Көршілес елдер осы мәселені терең түсініп, экран арқылы жастардың бойына ұлттық мәдениетін, тарихын, намысын, өнерін сіңіруді, насихаттауды әлдеқашан қолға алған. Бізде де жастар тәрбиесіне жіті назар аударатын кез келді.

Лев Толстой «Мектепте көптеген пәндер оқытыла береді. Оның ішінде керегі бар, керек емесі бар. Бірақ та адамгершілік пәні оқытылмайды», - деп XVIII ғасырда айтып кеткен. Бүгінгі осы сөздің мәнін, құнын мәңгілік жоймайтындығын түсініп келеміз. Адамда адами қасиет болмаса хайуанға айналатыны белгілі. Оны өмірдің өзі дәлелдеуде. Кешегі қаңтарда орын алған ашу-ызаға, кектенуге, айқай-шуға беріліп, қайғы-қасірет, мұңға толы келеңсіздіктерге жол бермеудің жолы да жастар тәрбиесінің осал тұстарын көрсетсе керек. Мәдениетті, ақылды алға қойып, ашуын тежей алатын, адамгершілігі мол азаматтарды тәрбиелеу бағытында жұмыс жасайтын тәрбие құрылымдары түбегейлі жаңа форматта, жаңа сипатта қарастырылуы керек. Материалдық құндылықтан гөрі рухани құндылықтар алға шыққаны дұрыс.

Ақбота ӘЛІПБАЙ,
4 – курс студенті,
шахматтан ҚР спорт шебері

«ҚЫЗ ҰЗАТУ» ТОЙЫНЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Қазақ бойжеткендерін қолдан ұзату дәстүрі бүгінде жөнге қойылған. Ата-ана алақанына салып өсірген балапанын өз қолдарынан ұшырғанды қалайды. Ал, сол ұзату тойында жасалынатын жөн-жоралғыларды толық білесіз бе? Қыз ұзату тойының өткені мен бүгін қандай?

Қазір, әлеуметтік жағдайды сылтау етіп, бір-бірімен бәсекелескен қыз ұзату тойында түрлі өзгерістерді анық көріп жүрміз. Одан қалса, қазақтығымыздың айқын көрінісіне айналған салт-дәстүрлеріміз еліктеушіліктің құрбаны болып отыр.

Әрине, ескі салттың қалдықтары бар, бірақ заманның ағымына қарай көптеген салт-дәстүрлер ұмыт болып, жаңа дәстүрлер енген секілді. Мысалы, бұрын қызды өз үйінен ұзатып, онымен қимай қоштасып, жылап жатса, қазір мейрамханаларда дүркіретіп той-думан жасап жатады. Қызды шығарып саларда төселетін тазалықты, адалдықты білдіретін ақ мата «Ақ жол» үстіне кейінгі кездері раушан гүлінің гүлжапырақшаларын шашу пайда болды. Тіпті, оны кез-келген тойдан аңғаруға болады. Одан қалса, әлеуметтік желілерден назарымызға

ілінген қыздың мойнына ақша ілген фотосы тағы бар.

Сонымен қатар, қызды күйеудің қолына әкесі



алып келіп ұстатып жатқанды да көрген боларсыздар. Бұрынғы кезде қыз ұзатудың дәстүрінде әкесі кетіп бара жатқан қызды өз қолымен алып барып күйеуге ұстатпак түгілі, еркелеп өскен

қызы қиянға кетіп бара жатқанда жұрт көзінше егілуден ұялып, атқа мініп, ауылдан аулаққа кететін болған.

Ал, соңғы кезде тіптен ұзатылар қызды жалғыз жібермейік, екеуі үлкен өмірге қадам басқалы тұр. «Жолдары ақ болсын» деп ақ мата үстімен бірге аттандырып жүрміз. Тойымызға таны-мал әншілерді шақырып, сыңсу әнін шырқатып та жүргеніміз мәлім. Әйтеуір, асаба қызметін аяқтап, қызды ұзатып жібереді. Ағайын бауыр тойлады, қонақтар дән риза, ал, шығынға батқан қыздың әке-шешесі. Кейде кейбір ата-аналар несиенің көмегіне жүгініп те жатыр. Бір сөзбен айтқанда, «ырым» деген түсінікті біртіндеп бизнеске айналдырғандаймыз... Осыны біреулер түсінсе, біреулер: басқалардан қаламыз ба — деген оймен әлі жүр.

Заман өзгеріп, салт-дәстүрлерімізге өзгеріс енсе де, ата-бабамыз салған сара жолмен жеткен түп негізгі тәрбиені жоғалтып алмайық. Салт-дәстүрімізді қадірлеп, жөн-жоралғыларды жөнімен орындай білейік.

Әсел АСЫЛБЕК,
2-курс студенті

САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН БІЛІМГЕ АРНАҒАН ҰСТАЗ



Дүние дөңгелек: өмір өзгереді, заман жаңарады, қоғам құбылады. Кешегі жас өскін төбесі көк тіреген алып бәйтерекке айналмақ дегендей 85 жылдық тарихы бар оқу ордасына саналы ғұмырын арнаған ұстаздарымыз жетерлік. Солардың бірі – Физика

және математика кафедрасының аға оқытушысы Торғын Аймұратова. Елу бір жыл ғұмырын математика саласының дамуына арнаған ұстаз биыл жетпістің желкенін керіп отыр.

Аймұратова Торғын 1952 жылы Арал ауданының Мергенсай ауылдық советінің Мергенсай ауылдық округінде дүниеге келген. 1975 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының физика-математика факультетінің математика мамандағы бойынша бітіріп, Қызылорда қаласындағы №171 Ғани Мұратбаев атындағы қазақ орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып қызмет істейді. 2002 жылдан бастап күні бүгінге дейін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің физика-математика факультетінде аға оқытушы болып қызмет атқарып келеді. Анасының қалауымен ұстаздық атты ұлы жолға келген білікті маман, үздік педагог бүгінде университетке алғаш келген уақытты осылайша сағынышпен еске алады.

«Педагог – бұл жас ұрпақтың бойына ғасырлар бойы жинақталған барлық асылдарды сіңіруші», – деп А.В.Луначарский айтқандай, өзіміздің барлық ілімімізді, тәжірибемізді осы жылдар ішінде болашақ ұрпаққа беруді мақсат еттім. Алғаш кафедраға қызметке келгенде кафедра меңгерушісі қызметін А.Қонысұлы атқарып жүрді. Ол кафедраның жұмысын өте сауаттылықпен басқарды. Ол кісіден үнемі кеңес алып отыратынмын. Жоғары оқу орнында студенттердің жүрегінен ұстаз ретінде қандай орын алсам, оған А.Қонысұлының, содан кейін В.Е.Серікбаева, замандасым Б.Тұрбаев, З.Қосаевалардың үлесі бар деп есептеймін».

Шәкірт тәрбиелеуде өзіндік әдіс-тәсілдерді қолданатын Торғын апай бүгінде элементар математика, есептер шығару практикумы, математиканы оқыту әдістемесі, сыныптан тыс жұмыстар, шағын жинақты мектептерде математиканы оқыту ерекшеліктері және таңдау курстары бойынша дәріс беріп, практикалық сабақтар жүргізіп келеді. Осы жылдар аралығында 13 ғылыми еңбегі республикалық, халықаралық конференцияларда жарияланды.

Республиканың білім жүйесіндегі шығармашылық еңбегі және жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі табыстары үшін Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің құрмет грамотасымен, облыс әкімінің, қала әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды.

«Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі» деп Мағжан Жұмабаев дәл айтқан. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытуда ұстаздың еңбегі зор. Осындай қастерлі мамандық иесі атанып, ұлы жолда қаншама шәкіртті тәрбиелеген Торғын апайымызға қажымас қайрат, таусылмас талап, сарқылмас күш-жігер тілейміз.

Аида БАТЫРБЕКҚЫЗЫ

КҮННІҢ ҚҰДІРЕТТІ СӘУЛЕСІ - МЕРУЕРТ

Ұстазы жақсының ұстамы жақсы

Ұстаздық мамандық – мамандықтың ең асылы, ең қасиеттісі десек қателеспейміз. Б.з.д IV ғасырда Римде өмір сүрген Луций Анней Сенеканың ұстаздық туралы: «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек»-деген қанатты сөздері облысымыздағы тарихшылардың ұстазы Меруерт Нағыметқызының болмысын аша түскендей.

Меруерт Нағыметқызы 1951 жылы 29 желтоқсанда Қызылорда облысының Арал ауданына қарасты Аралсульфат қыстағында дүниеге келген. 1967 жылы Арал ауданына қарасты №19 Сольтрест орта мектебін бітірген соң Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетіне түсіп, 1971 жылы оны үздік дипломмен аяқтады. Ұстаздық еңбек жолын 1971-1973 жылдары Арал қаласының Т.Г.Шевченко атындағы орта мектебінде бастайды. 1973-1976 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының аспирантурасында оқыды. 1976 жылдың 1 желтоқсанынан бастап осы кезеге дейін Қорқыт ата атындағы университетте үзбей ұстаздық қызмет атқарып келеді. 1992-1994 жылдары «Отан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, 1994-1997 жылдары университет жанынан ашылған элитарлық «Қабілет» мектеп гимназиясының алғашқы директоры, 1997-1999 жылдары университетте құрылған гуманитарлық білім беру орталығының директоры, 2003 жылдан 2008 жылдың қыркүйегіне дейін Музыка-педагогикалық факультетінің деканы қызметін атқарды. Бүгінгі таңда «Тарих» кафедрасының профессоры.

Меруерт Нағыметқызы ұстаздық қызметімен қатар ғылыми зерттеу жұмыстарымен де үздіксіз айналысып келеді. 1979 жылы желтоқсанда С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің кеңесінде «Қазақстан коммунистік партиясының ұлт саясатын жүзеге асырудағы қызметі» (1966-1970 жж.) тақырыбындағы кандидаттық диссертацияны абыроймен қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты, 1984 жылы доцент дәрежесін алды. Халықаралық және республикалық баспалардан 120-дан астам мақалалары мен 20-ға жуық ғылыми-әдістемелік құралы жарияланды.

Қазақстан тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан жазған, қазақ тарихындағы «ақтандақтарын» түгендеген ұстазымыз Меруерт апайдың ғылыми шығармашылық жолы ерекше. Ол әсіресе «Сыр өңірі тарихы», «Қызылорда» ғылыми –танымдық кітабының, «Халық педагогикасындағы отбасы тәрбиесі», «Қазақстанда демографиялық саясаттың дамуы» және т.б. еңбектерінен көрініс табады.

Меруерт Нағыметқызы ғылыми жұмысымен қатар, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Облыс әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның алғашқы мүшелерінің бірі, «Ақ босаға» қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

Ұстаздық қызметі мен ғылымдағы



жетістіктері үшін М.Нағыметқызы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен», Қазақстан Республикасының білім беру және ғылыми қызметкерлері кәсіподағы «Құрмет грамотасымен», Ыбырай Алтынсарин төсбелгісімен, Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының «Құрмет грамотасымен», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың үш мәрте «Алғыс хатымен», Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының «Алғыс хатымен» марапатталған. Ал 2019 жылғы Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының шешімімен «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласының үздік педагогы» атағы берілді. Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының корреспондент - мүшесі. Облыс әкімінің 2012 жылғы стипендианты. «Қорқыт ата атындағы Алтын медаль» иегері.

Меруерт Нағыметқызы – ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым, аяулы ана, ардақты әже.

Өз ісіне деген сүйіспеншілікті шәкіртіне деген сүйіспеншілікпен ұштастыра алатын ұлы ұстаз Меруерт Нағыметқызы мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, өңіріміздің дамуына сүбелі үлесін қосуда. Ұстаздық ұлағатымен, аналық мейірімімен талай жастарға, ғылым магистрлері мен студенттерге өмірден жолдарын тауып, өз орындарын анықтауға көмектесіп келеді.

Осындай парасат пайымының биігінде жүріп, ғылым мен ұстаздықты және қоғамдық жұмыстарды қатар алып жүрген Меруерт апайымызды шәкірттерінің атынан мерейтойымен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға бақ-береке, толағай табыстар тілейміз.

Алмагүл АБДРАЗАКОВА,
Тарих кафедрасының аға оқытушысы,
шәкірті

НАУРЫЗ КӨЖЕ – ҰЛЫС ДӘМІ

Қазақ ұғымында жеті санының киелі сан екені бәріне аян. Наурыз көже десе де, көз алдымызға сол жеті түрлі дәм елестейді. Дегенмен, еліміздің әр өңірінің тұрғындары бұл ұлттық тағамымызды өз өлкесінің үрдісі бойынша өзгеше, түрлі дәмдермен даярлайды.

Ұлыстың Ұлы күні жасалатын бұл сыйлы асқа қосылар сол жеті дәмнің мағынасына біз де үңіліп көрдік.

Су

Көженің негізгі компоненті – су. Су – бар тіршіліктің көзі. Болашақта ұрпағың судай тасып, көбейсін деген ырыммен наурыз көжеге су қосады.

Ет

«Ас көп болсын» деген ырыммен көжеге сүрленген немесе жас ет қосады. Еттің дәмі түрлі тағамдармен жақсы үйлесіп, ас қорыту бездерінің қызметін жақсартады. Қоректік және дәмдік сапасы бойынша ең тәуір етте 14-19% ақуыз, 12-15% май болады. Еттің құрамында су, ақуыз, май, дәрумендер, минералды тұздар, экстрактивті заттар бар.

Сорпа

Ежелгі шығыс емшілері сорпаны тағам ретінде жиі пайдаланатын адамдардың қаны бұзылмайды деп санаған. Оның азықтық нәрі көп, асты жеңіл таратып, жұғымдылығын арттырады. Сорпасы нәрлі, еті жұмсақ, дәмді болуы үшін етті суық суға салып, қайнату керек. Ет қайнап жатқанда көбірек сапырылса, сорпа дәмді және құнарлы болады.



Дәнді дақылдар (тары, бидай, жүгері, күріш)
Наурыз көжеге дәнді дақылдар да қосылады. Мұнда бір тамырдан өсіп өнген дәндер секілді ұрпағымыз жайылып, көбейсін деген мағына жатыр.

Ақ

Қазақ ақты ежелден киелі деп қастерлеген. Сол себептен наурыз көжеге сүт немесе айран қосылады. Мұның негізінде сүттей ұйып отырайық, іргеміз берік болсын деген мағына жатыр.

Май

Май – барлық азықтардың негізгі нәрі, ең негізгі құнары. Мал майының дәмдік, емдік қасиеттері жоғары. Майдың тағы бір қасиеті – ол өзімен бірге пайдаланылған басқа тағамдардың жақсы қорытылып сіңуіне ықпал жасап, оларға дәмді және хош иіс береді. Майда А, Д, Е дәрумендері бар.

Тұз

Наурыз көжеге дәм беретін соңғы, жетінші тағам ретінде тұз қосылады. Тұз – адам ағзасының қалыпты жұмыс істеуі үшін бірден-бір қажетті зат. Ол тағамның дәмін келтірумен бірге ағзадағы су мөлшерін реттеп, асқазан сөлінде тұз қышқылын түзеді.

Айта кететін жайт, Наурыз көже тек осы әдіспен ғана әзірленбейді. Еліміздің әр өңірінің тұрғындары бұл ұлттық тағамымызды өз өлкесінің үрдісі бойынша өзгеше, түрлі дәмдермен даярлайды.

Наурыз көжеге қосылатын бұл 7 дәм молшылықтың, тоқшылықтың, сәттіліктің, байлықтың, бақ пен берекенің белгісі саналады.

КӨПТЕН КҮТКЕН ҰЛЫ МЕРЕКЕ

Наурыз дегенде қыстан қыстап шыққан көрініс көз алдымызға бірінші елестейді. Көктем келіп, тіршіліктің қайнар уақытына тап болып, күн менен түннің теңелер кезеңі дәл осы Наурыз мерекесіне тән.

Ал, наурыз мерекесі - Орта Азия халықтарына тән ежелгі мереке. Орта Азия елдері оны 5000 жылдан аса уақыт атап өтіп келеді. Жаңару, жамандық пен өкінішті жою, бойдағы жаман пиғылдарды, тұрмыстық заттарды тазарту мақсатында осы мереке тойланады.

Ұлыстың ұлы күні деп қазақ халқы бекер айтпаса керек. Сонау ғасырдан бері тойланып келе жатқан мереке әлі күнге дейін өзінің салтын жоғалтқан емес. Араздасқан ағайын мен өкпелескен бауырлар осы мерекеде төс қағыстырып, татуласу арқылы қарым-қатынасын жақсартады. Алыс-жақын елдерден туыскандар келіп мерекенің сәнін келтіреді. Ұзақ уақыт бойы бір-бірін көрмеген жақындар көрісіп, сағынышын басады. Барша түркі халықтарына ортақ жеті тағамнан әзірленетін «наурыз көже» тағамы дайындалып, наурызды тойлаушыларға таратылады. Кешке жақын жас жігіттер мен бойжеткендер тізіліп, алтыбақан ойының ойнайды. Жастар жарасып, қарттар қуанып, әндетіп, ұлттық ойындар ойнатылып бұл мереке де өз қызығымен ерекшелене түседі. Көктем мезгілінің осы бір алғашқы айы наурыз мерекесімен қызықты өтеді.

Табиғаттың құлпырар, ауаның тазарар шағы кімнің де болсын көңіліне ұнап, есінде мәңгі сақталары хақ. Қыстың қақаған аязынан босап, көктеммен келген бұл мерекені кез-келген жан аңсары анық.

**Мерей АБСАДЫҚОВА,
2-курс студенті**



АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КӘРІМОВА -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
Басқарма Төрағасы-Ректоры
А.Т.ЖҮНІСОВ -
Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар
жөніндегі проректор м.а.
Ж.Н.БАЗАРТАЙ -
Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор
Ғ.Ә.ТҰЯҚБАЕВ - университет профессоры

Газет тілшісі:

**Аида
БАТЫРБЕКҚЫЗЫ**

SYR TULEGI
student jastar gazetі

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінде тексеріліп, №331-Г
күзлігі берілген.

**Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров**